ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ
031100, Хромтау қаласы
П.Лахно көшесі, 33
Факс: 8 (71336) 21-6-52
Тел: 8 (71336) 21-6-52
e-mail: khromtau-raoo@mail.ru

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
031100, город Хромтау
ул. П.Лахно, 33
Факс: 8 (71336) 21-6-52
Тел: 8 (71336) 21-6-52
e-mail: khromtau-raoo@mail.ru

**БҰЙРЫҚ № - 780 н/к**

«19 » қазан 2023 жыл
Хромтау қаласы

**Хромтау ауданы бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 6-бабы 2 тармақшасына, «Мемлекеттік атаулы көмек тағайындалу және төлеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысы, ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген «Әділетті Қазақстан бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77 тармағы негізінде Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023жылғы 4 қыркүйектегі №230 қаулысын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Хромтау ауданы бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдарының 1-4 сынып оқушыларына облыстық бюджет қаражаты есебінен тегін ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.
2. Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамту үшін жеткізушілермен Заңнамаға сәйкес келісім шарт, қосымша келісім шарт жасау шаралары қабылдансын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз ету «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ жанындағы орталықтандырылған есеп бөліміне тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысы өзіме қалдырамын.

Хромтау ауданының білім бөлімі басшысы Н.С.Калниязова